

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ**

**5B050800 – ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ МАМАНДЫҒЫНЫҢ
ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

АЛМАТЫ, 2015

Элективті пәндер каталогы Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесінде бекітілген 2015 жылғы «05» маусым (№5 хаттамасы). Алматы, ҚазҰТЗУ, 2015.

Каталог элективті пәндердің (таңдау бойынша компоненттердің) тізімін, пәндердің пререквизиттері мен постреквизиттерін, пәнді оқыту мақсатын, олардың қысқаша мазмұнын, күтілетін нәтижелерін қамтиді.

БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ЭДВАЙЗЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАДНАМА

Мамандықтың барлық пәндері модульдер мен циклдер (бакалавриатта ЖБП, БП, ПП; магистратура мен докторантурада БП, ПП) бойынша бөлінген. Олардың ішінде пәндер міндетті және элективті (таңдау) пәндеріне бөлінген. Оқуға міндетті пәндердің тізімі мамандықтың үлгілік оқу жоспарында (ҮОЖ) келтірілген. Мамандықтың әр курсы үшін элективті пәндер тізімі элективті пәндер каталогында (ЭПК) келтірілген. ЭПК мамандықтың таңдау пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі болып табылады. ЭПК білім алушыларға оқытудың таңдалған траекториясына сәйкес элективті оқу пәндерінің альтернативті таңдау мүмкіндігін беруі керек.

Мамандық бойынша ҮОЖ бен ЭПК негізінде білім алушының оқу жылына жеке оқу жоспары (ЖОЖ) құрылады. ЖОЖ-ды шығарушы кафедра тағайындаған эдвайзердің көмегімен бакалаврлар мен магистранттар құрастырады. Докторанттар ЖОЖ-ды өздері құрастырады. ЖОЖ мамандық шегінде әрбір білім алушының жеке білім алу траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға ҮОЖ-дан міндетті компонент пәндері мен оқу қызметінің түрлері (практикалар, зерттеу жұмысы, мемлекеттік (кешенді) емтихан, дипломдық жұмысты (жобаны) жазу, диссертацияны ресімдеу және қорғау) және ЭПК-дан таңдау компоненті пәндері кіреді.

Еңбек нарығының және жұмыс берушілердің талаптарының есебімен нақты жұмыс саласына бағытталған білім беру траекториясының бакалаврларына көмек ретінде ЭПК шегінде білім алушыларға көзделген білім беру траекториясын меңгеруді кепілдейтін пәндер тізімі берілуі керек.

Элективті оқу пәндерін таңдаған кезде мыналарды есепке алу керек:

1 Бір семестрде міндетті түрде оқылатын оқытудың қосымша түрлерін (ОҚТ) есептемегенде, күндізгі оқыту бөлімінің студенті 18-22 кредитті (міндетті және элективті), сырттай оқыту бөлімінің студенті 9-12 кредитті (міндетті және элективті) игеруі тиіс.

2 Оқытудың барлық кезеңіндегі жалпы кредит саны мамандықтың ҮОЖ-нда көрсетілген саннан аспауы керек.

3 Элективті пәндер тиісті нөмірі бар таңдау топтарына біріктірілген. Пәндердің әр тобынан бір ғана элективті оқу пәнін таңдауға болады.

«Есеп және аудит» мамандығы бойынша академиялық дәрежесі: экономика және
бизнес бакалавры

2

(оқыту курсы)

№	Пәннің модулі	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	Іс жүргізу және тіл үйрету модулі	ЖБП 2.1.13	BIZ 2111	Бухгалтерлік іс жүргізу	2	3
2		ЖБП 2.1.13.1	Din 2111.1	Дінтану	2	3
3	Статистика және менеджмент модулі	БП 2.2.6	Sta2203	Статистика	3	3
4		БП 2.2.6.1	ESta2203.1	Экономикалық статистика	3	3
5		БП 2.2.7	Men2204	Менеджмент	3	4
6		БП 2.2.7.1	KB 2204.1	Қызметкерлерді басқару	3	4
7	Қаржылық есеп модулі	БП 2.2.11	KND 2205	Қаржы нарығы мен делдалдар	2	4
8		БП 2.2.11.1	KM 2205.1	Қаржылық менеджмент	2	4
9	Сала технологиясы мен басқару модулі	БП 2.2.12	Ek2209	Эконометрика	2	4
10		БП 2.2.12.1	BSA 2209.1	Бизнестегі сандық әдістер	2	4
11		БП 2.2.13	Mar2210	Маркетинг	3	4
12		БП 2.2.13.1	JK 2210.1	Жарнама қызметі	3	4
13		БП 2.2.14	KOU 2211	Құрылыс өндірісін ұйымдастыру	2	4
14		БП 2.2.14.1	MGIN 2211.1	Мұнай газ ісінің негіздері	2	4
15		БП 2.2.14.2	MGTU 2211.2	Мұнай мен газды тасымалдауды ұйымдастыру	2	4
16		БП 2.2.15	EMR 2212	Экономиканы мемлекеттік реттеу	3	4
17		БП 2.2.15.1	MzhB 2212.1	Мемлекет және бизнес	3	4

BD2111 Бухгалтерлік іс жүргізу – 2 кредит

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері.

Оқыту мақсаты: студенттерге бухгалтерлік есептегі құжаттар айналымын оқыту, бухгалтерлік іс жүргізуін студенттерге жеткізу

Қысқаша мазмұны: Құжаттар түсінігі және олардың мәні. Құжаттардың сыныптамасы. Ұйымдастырушы - өкімдік құжаттар. Штаттық кесте. Жеке құрамы бойынша құжаттар. Қаржылық-есептеу операциялары бойынша құжаттар. Шарттар, өнімді өткізу мен жабдықтауға байланысты құжаттар. Бухгалтерия жұмысын регламентациялау. Бухгалтерия қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары. Бухгалтерияда құжаттармен

жұмысты ұйымдастыру. Бухгалтерлік құжаттар және оларды сақтау мерзімдері. Құжаттарды ағымдағы сақтау.

Күтілетін нәтижелер: студенттердің бухгалтерлік құжаттарды рәсімдеуін үйрену, құжаттар айналымының қозғалысын құрастыру

Постреквизиттері: Қаржылық есеп -1, Экономикалық талдау.

Rel2111.1 Дінтану – 2 кредит

Пререквизиттері: Философия, Қазақстан тарихы.

Оқыту мақсаты- Діндер тарихының әр түрлі діни формаларды қамтыған жүйелері түсініктемелерімен таныстыру.

Қысқаша сипаттамасы: студенттерге дінтанудың негізгі теориялық мәселелерін жүйелі түрде баяндау. Студенттердің бойында діннің әлеуметтік және мәдени феномен ретінде маңызы мен қызметі жайлы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі дүниетанымдық көзқарастар аясында студенттердің діни философия және теологиядағы алуан түрлі көзқарастармен таныстыру, сондай-ақ дінді сыни тұрғыда қарастырудың негізін үйрету. Студенттерге дінтанудың теориялық тарауларындағы ұғымдық және методологиялық аппараттарын игеруге көмектесу. Студенттердің бойында философиялық ойлау мәдениеті мен діни мәселелерді құндылық және дүниетанымдық тұрғыдан пайымдау дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтижелер: діннің тарихи даму жолдарын, діни мәселеге қатысты негізгі теориялық және методологиялық әдістерін, діннің қоғам және басқа мәдени салалармен өзара байланысын, дінтану ғылымының негізгі ұғымдық аппаратын, діни – теологиялық, бағалау ерекшеліктерін, діннің қоғамдағы, мәдениет жүйесіндегі, рухани-этикалық өмірдегі орнын білу қажет.

Постреквизиттер: Менеджмент, Қызметкерлерді басқару.

Sta2203 Статистика - 3 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Микроэкономика.

Оқыту мақсаты: студенттердің статистикалық көрсеткіштерді анықтау негіздерін үйрету, экономикалық мәліметтерді өңдеу тәсілдерін пайдалануын үйрету

Қысқаша мазмұны: Статистиканың жалпы теориясы. Статистиканың пәні мен әдісі. ҚР мемлекеттік статистиканы ұйымдастыру қағидалары. Статистикалық бақылау. Статистикалық жиынтық, топтастыру, жіктеу және статистикалық кестелер. Тарату қатарлары және оны талдау. Статистикадағы жалпылама көрсеткіштер. Абсолютті және салыстырмалы шамалар көрсеткіштер. Абсолютті және салыстырмалы шамалар және олардың графикалық көрінісі. Орта шамалар және вариация көрсеткіштері. Таңдамалы бақылаулар. Қоғамдық құбылыстардың өзгерістерін меңгерудің статистикалық әдістері. Индекстік әдістер. Маңызды экономикалық индекстер. Әлеуметтік экономикалық статистика. Тұрғындар және еңбек ресурстарының статистикасы.

Күтілетін нәтижелер: студенттердің сандық және сапалық статистикалық көрсеткіштерін анықтауын игеру.

Постреквизиттері: Экономикалық талдау.

ESta 2203.1 Экономикалық статистика – 3 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Микроэкономика

Оқыту мақсаты: студенттердің статистикалық көрсеткіштерді анықтау негіздерін үйрету, экономикалық мәліметтерді өңдеу тәсілдерін пайдалануын үйрету

Қысқаша мазмұны: Әлеуметтік экономикалық статистиканың пәні мен ерекшеліктері. Әлеуметтік экономикалық статистиканың көрсеткіштер жүйесі мен қазіргі жағдайы. Қазақстандық және халықаралық макроэкономикалық моделдер статистикасы, оның маңызы, концепциясы мен категориялары. Халық шаруашылығының балансы ұлттық шоттар жүйесіне қарсылықтары. Халықаралық қоғамдардағы статистикалық жүйенің қазіргі жағдайы..

Күтілетін нәтижелер: студенттердің сандық және сапалық статистикалық көрсеткіштерін анықтауға бейімдеу

Постреквизиттері: Экономикалық талдау.

Men2204 Менеджмент - 3 кредит

Пререквизиттері: Микроэкономика, Макроэкономика

Оқыту мақсаты: болашақ маман иелерін басқару жүйесінде, басқару шешімдерін қабылдауда теориялық және тәжірибелік тәсілдермен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Экономикалық ғылымдар жүйесіндегі басқару ғылымының пәні. Менеджменттің теориялық және әдістемелік негіздері. Менеджменттің мәні қағидалары. ҚР менеджменттің қалыптасуы мен дамуының саяси және экономикалық алғы шарттары. Менеджмент эволюциясы. Ұйымдар түсінігі және түрлері. Ұйымдардың сыртқы және ішкі ортасы. Басқаруға жүйелік жол негіздері.

Күтілетін нәтижелер: студенттер басқару және басқару шешімдерін қабылдау үшін менеджмент негіздері мен ерекшеліктерін толық игеру қажет

Постреквизиттері: Басқару есебі.

UP2204.1 Қызметкерлерді басқару - 3 кредит

Пререквизиттері: Микроэкономика, Макроэкономика

Оқыту мақсаты: болашақ маман иелерін басқару жүйесінде, басқару шешімдерін қабылдауда теориялық және тәжірибелік тәсілдермен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Экономикалық ғылымдар жүйесіндегі басқару ғылымының пәні. Менеджменттің теориялық және әдістемелік негіздері. Менеджменттің мәні қағидалары. ҚР менеджменттің қалыптасуы мен дамуының саяси және экономикалық алғы шарттары. Менеджмент эволюциясы. Ұйымдар түсінігі және түрлері. Ұйымдардың сыртқы және ішкі ортасы. Басқаруға жүйелік жол негіздері.

Күтілетін нәтижелер: студенттер персоналды басқару және басқару шешімдерін қабылдау үшін менеджмент негіздері мен ерекшеліктерін толық игеру қажет

Постреквизиттері: Басқару есебі.

FRP2205 Қаржы нарығы мен делдалдар - 2 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Микроэкономика.

Оқыту мақсаты: студенттердің қаржылық нарықта жұмыс атқару негіздерін үйрену, болашақ мамандарды қаржылық институттар ерекшеліктерінің теориялық және тәжірибелік құралдарымен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Қаржы нарығының мәні мен түсінігі. Қаржы нарығының жіктелімінің ерекшеліктері. Қазақстанның қаржы нарығы және оның құрамдас бөліктері. Ақша нарығының мағынасы мен мәні. Қаржы нарығы жүйесіндегі несие нарығының орны. Несие нарығының құралдары. Валюта нарығы: түрлері және оның дамуындағы негізгі кезеңдер. Қазақстандағы валюталық реттеудің негізгі бағыттары. Бағалы қағаздар нарығының түсінігі, құрылымы мен түрлері. Сақтандыру нарығын дамытудың негізгі

аспектілері. Сақтандырудың түрлері. Сақтандырудың жіктелімі. Сақтандыру нарығының құралдары. Қаржы нарығы жүйесіндегі зейнетақы нарығының орны. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі.

Күтілетін нәтижелер: студенттердің қаржылық нарықта жұмыс атқару негіздерін, болашақ мамандарды қаржылық институттар ерекшеліктерінің теориялық және тәжірибелік құралдары білу қажет

Постреквизиттері: Мемлекеттік мекемелердегі есеп және есептілік, банктердегі есеп.

FM2205.1 Қаржылық менеджмент - 2 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Микроэкономика.

Оқыту мақсаты: студенттердің қаржылық нарықта жұмыс атқару негіздерін үйрену, болашақ мамандарды қаржылық институттарда қаржылық аналитиктер ретінде жұмыс атқару үшін теориялық және тәжірибелік құралдарымен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: ҚР қаржылық менеджменттің қалыптасуы мен дамуы. Қаржылық менеджмент эволюциясы. Ұйымдар түсінігі және түрлері. Ұйымдардың сыртқы және ішкі ортасы. Басқаруға жүйелік жол негіздері. Басқарудың объектілері мен субъектілері. Басқарудың ұйымдық құрылымы және оның сипаттамасы. Ұйымдарды басқарудың ұйымдық құқықтық нысандарды. Менеджментті ақпаратпен қамтамасыз ету. Басқарудағы коммуникация рөлі. Менеджмент жүйесіндегі басқару шешімдері. Басқарудың қазіргі заманғы әдістерінің жүйесі. Менеджмент функциясы.

Күтілетін нәтижелер: студенттер қаржылық менеджмент ерекшеліктерін, қаржылық талдаудың тәсілдері мен әдістерін білу қажет.

Постреквизиттері: Мемлекеттік мекемелердегі есеп және есептілік, банктердегі есеп.

Ek2205 Эконометрика – 3 кредит

Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Статистика.

Оқыту мақсаты: студенттердің математикалық статистика және ықтималдық теория негіздерін үйрену, болашақ мамандарды математикалық есептеудің теориялық және тәжірибелік құралдарымен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Эконометрика анықтамасы. Макро және микро деңгейдегі нарық экономикасы қызметінің заңдылықтарын шешудегі эконометрика есебі. Таңдама және бас жиынтық ұғымдары. Таңдама ковариациясы туралы ұғым, есептеудің негізгі ережелері, таңдама дисперсиясы және дисперсияны есептеу ережелері. Классикалық жұптық сызықты регрессия моделі. Бағалау теңдеулері. Баға-лаудың стандартты қателігі. Корреляция және детерминация коэффициенті олардың мағынасы. Студент статикасы. Гипотезаларды F тесті және t-статистика бойынша тексеру. Сенімділік интервалы. Қалдықтық автокорреляциясы. Көптік сызықты регрессия.

Күтілетін нәтижелер: студенттер ықтималды теория әдістері мен математикалық статистика құралдарын білу міндетті

Постреквизиттері: Экономикалық талдау.

KMB2205.1 Бизнесітегі сандық әдістер- 3 кредит

Пререквизиттері: Экономикадағы математика, Статистика.

Оқыту мақсаты: студенттердің математикалық статистика және ықтималдық теория негіздерін үйрену, болашақ мамандарды математикалық есептеудің теориялық

және тәжірибелік құралдарымен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Ойындар теориясының есептері, элементтері, қарама-қарсы емес мүдделі ойындар теориясы, шешім қабылдау теориясы, белсенді жүйелер теориясы және іскер ойындарды модельдеу. Ойындарды жеңілдету. Ойындар теориясының есептерін шешу геометриялық әдісі. Ойын теориясының есептерін сызықтық программалау есептеріне ауыстыру. Басқару теориясының қазіргі бағыттарын қарастыру арқылы, берілген мәселені толықтыруға болады. Белсенді жүйелерді басқару теориясы. Басқару механизмінің тиімділігін бағалау. Жоспар және нарық. Жоспарлаудың бөліктей орталықтандыру. Қатысушылар саны аз нарық және монополиялы нарықтар. Ұйымдастырылған жүйелерін басқару базалық механизмдері. Оңтайлы механизмдерді талдау. Ұжымдық шешім қабылдау.

Күтілетін нәтижелер: студенттер ықтималды теория әдістері мен математикалық статистика құралдарын білу міндетті

Постреквизиттері: Экономикалық талдау.

Мар2210 Маркетинг – 3 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Микроэкономика.

Оқыту мақсаты: болашақ маман иелерін маркетинг жүйесіндегі тәсілдер мен жарнама, сату мен жөнелтудің теориялық және тәжірибелік тәсілдермен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Маркетинг түсінігі, мәні және мазмұны. Маркетинг мақсаттары, қағидалары, қыз-меттері. Маркетингмикс түсінігі. Маркетингтің негізгі қағидалары. Маркетингтік орта. Маркетингтік зерттеулер және маркетингтік ақпарат жүйесі. Маркетингтік зерттеулер әдістері. Нарықты сегменттеу, оның қағидалары және шектері. Нарықты қамту стратегиялары. Нарықта тауарды жайғастыру. Тауар нарықтарындағы тұтынушылардың мінез-құлқы. Тауарларды сатып алу жөнінде шешім қабылдау үрдісі. Маркетинг жүйесіндегі тауар. ТӨЦ тұжырымдамасы. ТӨЦ кезеңдерінің сипаттамасы. Фирманың тауар саясаты: мәні, мақсаты, міндеттері. Тауардың бәсекеге қабілеттілік параметрлері және көрсеткіштері. Тауарларды орау және меркілеу.

Күтілетін нәтижелер: студенттер маркетингті ұйымдастыру ерекшеліктерін, жарнама, тауарлар мен қызметтерді өткізу, сонымен қатар маркетингтік зерттеулерді жүргізуді білу қажет

Постреквизиттері: Басқару есебі.

RD 2210.1 Жарнама қызметі - 3 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Микроэкономика.

Оқыту мақсаты: болашақ маман иелерін маркетинг жүйесіндегі тәсілдер мен жарнама, сату мен жөнелтудің теориялық және тәжірибелік тәсілдермен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Маркетинг түсінігі, мәні және мазмұны. Маркетинг мақсаттары, қағидалары, қыз-меттері. Маркетингмикс түсінігі. Маркетингтің негізгі қағидалары. Маркетингтік орта. Маркетингтік зерттеулер және маркетингтік ақпарат жүйесі. Маркетингтік зерттеулер әдістері. Нарықты сегменттеу, оның қағидалары және шектері. Нарықты қамту стратегиялары. Нарықта тауарды жайғастыру. Тауар нарықтарындағы тұтынушылардың мінез-құлқы. Тауарларды са-тып алу жөнінде шешім қабылдау үрдісі. Маркетинг жүйесіндегі тауар. ТӨЦ тұжырымдамасы. ТӨЦ кезеңдерінің сипаттамасы. Фирманың тауар саясаты: мәні, мақсаты, міндеттері. Тауардың бәсекеге қабілеттілік параметрлері және көрсеткіштері. Тауарларды орау және меркілеу.

Күтілетін нәтижелер: студенттер маркетингті ұйымдастыру ерекшеліктерін, жарнама, тауарлар мен қызметтерді өткізу, сонымен қатар маркетингтік зерттеулерді

жүргізуді білу қажет

Постреквизиттері: Басқару есебі.

ОСР 2211 Құрылыс өндірісін ұйымдастыру - 2 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Микроэкономика.

Оқыту мақсаты: болашақ маман иелерін құрылыс компанияларында, құрылыс жұмысын атқарудың, құрылыс құжаттарын даярлаудың теориялық және тәжірибелік тәсілдермен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Құрылыс технологиясының ролі мен маңызы. Геодезия, геология, жер механикасы, құрылыс материалдары, архитектура, құрылыс ғимараттары, құрылыс құрал жабдықтары мен машиналарын игерудің теориялық негіздері. Құрылыстағы өндірісті бастаудың іс шаралары, жабдықтау, құрылысты жүргізу, жұмысшылардың еңбегін ұйымдастыру, жаңа техникамен жабдықтау және т.б. теориялық аспектілер.

Күтілетін нәтижелер: студенттер құрылыс объектісін дайындау, қажетті материалдармен жабдықтау, құрылысты жүргізу, жұмысшылардың еңбегін ұйымдастыру, жаңа техникамен жабдықтау, құрылыс объектілер өткізу, қажетті құжаттарды дайындау және т.б. теориялық аспектілер білу қажет.

Постреквизиттері: Құрылыстағы бухгалтерлік есеп.

ONGD2211.1 Мұнай газ ісінің негіздері - 2 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Микроэкономика.

Оқыту мақсаты: болашақ маман иелерін мұнай газ компанияларында, мұнай газ жұмысын атқару, құжаттарын даярлаудың, мұнай газ саласындағы ақпараттық басқарудың теориялық және тәжірибелік тәсілдермен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Мұнай газ саласының мәні, маңызы мен ерекшеліктері. Геология, бақылау, іздену, бұрлау қызметтерімен танысу. Мұнайды өңдеу тәсілдерімен танысу. Жаңа мұнай жерлерің зерттеу іс шараларын ұйымдастыру, технологиялық процестерді дайындау қызметтерімен танысу.

Күтілетін нәтижелер: студенттер геология негіздері, мұнай мен газды өңдеу жұмыстары, технологиялық процестерді игеру тәсілдерімен, жер қойнауын зерттеу тәсілдерін үйрену қажет.

Постреквизиттері: Мұнай газ саласындағы бухгалтерлік есеп.

OTNG2211.2 Мұнай мен газды тасымалдауды ұйымдастыру – 2 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Микроэкономика.

Оқыту мақсаты: Курстың мақсаты - студенттерді мұнайгазды тасымалдаудың негіздерімен таныстыру, негізгі технологиялық үрдістеріменге және мұнайгаз өндірістің іске ғылыми түсінікті беру. Пәннің міндеті студенттерді мұнай және газ геологиясының негіздерімен, мұнай және газ ұңғыларын бұрғылау негіздерімен, мұнай және газ кен орындарды игерумен және пайдаланумен, мұнай және газ тасымалдаумен, сақтаумен және өндеумен, тасымалдаумен таныстыру.

Күтілетін нәтижелер: елдің мұнайтабу кешенінің құрылымды; ұңғыларын бұрғылау принциптерды, пайдаланған жабдықтарды; мұнай және газ кенорындарды игеру принциптерды; ұңғыларынды пайдалану арналған жабдықтарды; мұнай және газ тасымалдауның және сақтауның негіздерінді білу керек.

Постреквизиттері: Мұнай газ саласындағы бухгалтерлік есеп.

GRE2212 Экономиканы мемлекеттік реттеу – 3 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Макроэкономика.

Оқыту мақсаты: болашақ маман иелерін мемлекеттік органдар қызметімен, құжаттарын даярлаумен, мемлекеттік органдарының ақпараттық басқарудың теориялық және тәжірибелік тәсілдермен қаруландыру.

Қысқаша мазмұны: Экономиканы мемлекеттік реттеудің объективті қажеттілігі мен ғылыми-теориялық негіздері. Экономиканы мемлекеттік реттеудің методологиясы жөніндегі ұғым және оның элементтері. Экономиканы реттеудің ұйымдастырушылық негіздері мен оның шетелдік тәжірибесі. ЭМР-дің субъектілері мен объектілері. Экономикалық өсудің негізгі факторлары мен оны қамтамасыз етудегі мемлекеттік шаралар. Әлеуметтік-экономикалық болжау мен жоспарлаудың экономиканы мемлекеттік реттеудегі рөлі. Ғылыми-техникалық прогрестің бағыттары және оны жеделдету жөніндегі мемлекеттік шаралар. Халықты еңбекпен ұтымды қамту

Күтілетін нәтижелер: студент экономиканы мемлекеттік реттеу ерекшеліктерімен, мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың тәсілдеріне игеру қажет

Постреквизиттері: Мемлекеттік мекемелердегі есеп және есептілік.

GiB 2212.1 Мемлекет және бизнес– 3 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық теория, Макроэкономика

Оқыту мақсаты: болашақ маман иелерін мемлекеттік органдар қызметімен, құжаттарын даярлаумен, мемлекеттік органдарының ақпараттық басқарудың теориялық және тәжірибелік тәсілдермен қаруландыру

Қысқаша мазмұны: Экономиканы мемлекеттік реттеудің объективті қажеттілігі мен ғылыми-теориялық негіздері. Экономиканы мемлекеттік реттеудің методологиясы жөніндегі ұғым және оның элементтері. Экономиканы реттеудің ұйымдастырушылық негіздері мен оның шетелдік тәжірибесі. ЭМР-дің субъектілері мен объектілері. Экономикалық өсудің негізгі факторлары мен оны қамтамасыз етудегі мемлекеттік шаралар. Әлеуметтік-экономикалық болжау мен жоспарлаудың экономиканы мемлекеттік реттеудегі рөлі. Ғылыми-техникалық прогрестің бағыттары және оны жеделдету жөніндегі мемлекеттік шаралар. Халықты еңбекпен ұтымды қамту.

Күтілетін нәтижелер: студент экономиканы мемлекеттік реттеу ерекшеліктерімен, мемлекеттік бағдарламаларды іске асырудың тәсілдеріне игеру қажет.

Постреквизиттері: Мемлекеттік мекемелердегі есеп және есептілік.

3
(оқыту курсы)

№	Пәннің циклы	Пәннің коды	Пәннің атауы	Кредит саны	Семестр
1	БП 3.2.16	OT3217	Еңбекті қорғау	3	5
	БП 3.2.17	EP3218	Кәсіпорын экономикасы	3	5
	БП 3.2.17.1	EOrP3218.1	Экономика және өндірісті ұйымдастыру	3	5
2	БП 3.2.18	BUvTOP3218	Саудадағы және қоғамдық тамақтанудағы бухгалтерлік есеп	4	5
3	БП 3.2.18.1	BUsh3218.1	Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп	4	5
4	МП 3.3.3	FU2-3303	Қаржылық есеп 2	3	5
5	МП 3.3.4	EA3304	Экономикалық талдау	3	5
6	БП 3.2.19	PU3220	Өндірістік есеп	3	6
7	БП 3.2.19.1	BUYT3220.1	Бюджеттеу	3	6
8	БП 3.2.20	ABU3.2.21	Бухгалтерлік есепті автоматизациялау	3	6
9	БП 3.2.0.1	CTBU3.2.21.1	Бухгалтерлік есептегі компьютерлік технологиялар	3	6
10	БП 3.2.21	KSP3222	Өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы	3	6
11	БП 3.2.21.1	SD3222.1	Сметалық жұмыс	3	6
8	БП 3.2.22	BUGBiT 3223	Туризм мен қонақ үй бизнесіндегі бухгалтерлік есеп	3	6
9	БП 3.2.22.1	BUMSB3223.1	Шағын және орта бизнестегі бухгалтерлік есеп	3	6
10	МП 3.3.5	FUAn 3305	Қаржылық және басқарушылық талдау	3	6
11	МП 3.3.5.1	AFO 3305.1	Қаржылық есептемені талдау	3	6
12	МП 3.3.6	UU3306	Басқару есебі 2	3	6

OT3217 Еңбекті қорғау - 3 кредит

Пререквизиттері: Микроэкономика, Құрылыс өндірісін ұйымдастыру.

Оқыту мақсаты студенттердің «Еңбек қорғау» пәнін оқу барысында өндірістегі еңбекті қауіпсіз ұйымдастыруға қабілетті, жоғарғы және кәсіби дайындығы бар маман дайындау. Өз білімдерін үздіксіз тереңдете және толықтыра алатын, өндірістің, қоршаған ортаның қауіпсіздігі туралы пікірлерін, теориялық және кәсіби білім деңгейін көтеретін, ғылыми техникалық прогресті жетілдіруге ашық қатысатын болуы керек. Қоршаған

табиғи және өндірістік орта қауіпсіздігі туралы білімді жақсы меңгеруге, жауапты шешімдерді қабылдай алатын, өндірісте белсенді және еңбек қорғау және қауіпсіздік сұрақтарын басқаруды студенттерге үйрету қажет.

Қысқаша мазмұны: Кәсіпорындарында қауіпсіз, зиянсыз еңбек жағдайларын жасау үшін, еңбек қорғау саласынан білікті мамандар қажет. Ондай мамандар өндірістегі еңбек қорғау мен қауіпсіздік сұрақтарының кез келгенін шеше алатындай, қауіпсіз еңбек жағдайларын ұйымдастыру әдістерін меңгерген болуы керек. Яғни, «Еңбек қорғау» пәнінің мақсаты жоғарыда айтылған мәселерді шешу.

«Еңбек қорғау» пәні – студенттерді еңбек және қауіпсіздік заңдары, қарарлары, ережелері, нұсқауларымен таныстырады, еңбек жағдайларын сараптау, өндірістік мәдениет, өндіріс орындары мен жабдықтарға қойылатын талаптармен, апаттың және жарақаттанудың, кәсіби қауіптің алдын алу, электр қауіпсіздігі, техниканы қауіпсіз пайдалану және өрт қауіпсіздігі шараларымен таныстырады.

Күтілетін нәтижелер: еңбек қорғаудың ғылыми және заңдылық негізін білуі; техника мен технологияны дұрыс таңдау және еңбекті ғылыми түрде ұйымдастыруға ие болуы; еңбек жағдайларын сараптай білуді игеруі; кәсіби зияндылықтармен күресе білуі; жарақаттанудың себептерін түсінуі; техника қауіпсіздігі, электр және өрт қауіпсіздігі мәселелерін шешуге құзыретті болуы; еңбек қорғау жұмыстарын ұйымдастыруды үйренуі тиіс.

Постреквизиттері: Экономикалық талдау, Ауылшаруашылығындағы бухгалтерлік есеп.

ЕР3218 Кәсіпорын экономикасы- 3 кредит

Пререквизиттері: Микроэкономика, макроэкономика.

Оқыту мақсаты: студенттерге кәсіпорын қызметі туралы жүйелендірілген мәліметтерді ұсыну, кәсіпорындар қызметіне қаржы-экономикалық талдау жасауды оқыту

Қысқаша мазмұны: Мекеме шаруашылық объектісі. Мекеме классификациясы. Мекеменің өндірістік және нарықтық байланыс. Мекеме және нарықтық өндіріс байланысы. Мекеменің және оның көрсеткіш жүйесінің экономикалық және әлеуметтік тиімділігі. Мекеменің негізгі капиталы, қолданыспен жаңартылу көрсеткіштері. Мекеменің амортизациялық политикасы. Айналым капиталы және оның өндірістегі құрылуы мен қолданысы. Шикізаттық материалдық және жағармай – энергетикалық ресурстар. Еңбек ресурсы, өндірістің кадрлар жайлы полити-касы және еңбек ресурстарында өндірістік қажеттіліктің анықталуы. Ресурс төлемақысы. Мекеменің инвестициялық және инновациялық политикасы.

Күтілетін нәтижелер: студенттер кәсіпорын қызметі мен оның қаржы-экономикалық талдауын жүргізуді игеруі қажет

Постреквизиттері: Қаржылық және басқарушылық талдау, Салық есебі.

ЕОҒР3218.1 Экономика және өндірісті ұйымдастыру- 3 кредит

Пререквизиттері: Микроэкономика, макроэкономика.

Оқыту мақсаты: студенттерге кәсіпорын қызметі туралы жүйелендірілген мәліметтерді ұсыну, кәсіпорындар қызметіне қаржы-экономикалық талдау жасауды оқыту

Қысқаша мазмұны: Мекеме шаруашылық объектісі. Мекеме классификациясы. Мекеменің өндірістік және нарықтық байланысы. Мекеме және нарықтық өндіріс байланысы. Мекеменің және оның көрсеткіш жүйесінің экономикалық және әлеуметтік тиімділігі. Мекеменің негізгі капиталы, қолданыспен жаңартылу көрсеткіштері. Мекеменің амортизациялық политикасы. Айналым капиталы және оның өндірістегі құрылуы мен қолданысы. Шикізаттық материалдық және жағармай – энергетикалық ресурстар. Еңбек ресурсы, өндірістің кадрлар жайлы саясаты және еңбек ресурстарында өндірістік қажетті-ліктің анықталуы. Ресурс төлемақысы. Меке-менің инвестициялық және инновациялық политикасы.

Күтілетін нәтижелер: студенттер кәсіпорын қызметі мен оның қаржы-экономикалық талдауын жүргізуді игеруі қажет.

Постреквизиттері: Қаржылық және басқарушылық талдау, Салық есебі.

ВUТОР 3218 Саудадағы және қоғамдық тамақтанудағы бухгалтерлік есеп – 4 кредит

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері.

Оқыту мақсаты: студенттерге тәжірибеде саудадағы және қоғамдық тамақтанудағы есеп және есептіліктің ұсыну ережелерін және ХҚЕС-тарын сәйкес қаржылық есептілікті дайындауды оқыту.

Қысқаша мазмұны: Саудадағы және қоғамдық тамақтану ұйымдарындағы реттеу және қадағалауды ұйымдастырудың мақсаты мен қажеттілігі. Құжаттама және құжат айналымы. Түгендеу. Есептік цикл. Бухгалтерлік есептегі қатені түзету тәсілдері. Туризм және қонақ үй мекемелерінің бухгалтерлік есептің ерекшеліктері. Сауда ұйымдарының есеп саясаты. Қоғамдық тамақтану мекемелерінің активтер, міндеттемелер, капитал есебі. Шығындар мен дайын өнім есебі. Сауда және қоғамдық тамақтандыру ұйымдарының есептіліктері мен қаржылық есептеменің дайындау тәртібі.

Күтілетін нәтижелер: студенттер бухгалтерлік құжаттарды әзірлеуді туризм және қонақ үй мекемелерінің өндірістік және қаржылық есептеменің дайындауды игеру қажет.

Постреквизиттері: Салық есебі.

BUsh3218.1 Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп – 4 кредит

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп-1

Оқыту мақсаты: студенттерге тәжірибеде ауыл шаруашылығындағы есеп және есептіліктің ұсыну ережелерін және ХҚЕС-тарын сәйкес қаржылық есептілікті дайындауды оқыту.

Қысқаша мазмұны: Ауыл шаруашылығындағы реттеу және қадағалауды ұйымдастырудың мақсаты мен қажеттілігі. Құжаттама және құжат айналымы. Түгендеу. Есептік цикл. Бухгалтерлік есептегі қатені түзету тәсілдері. Ауыл шаруашылығындағы мекемелердегі бухгалтерлік есептің ерекшеліктері. Ауыл шаруашылығындағы мекемесінің есеп саясаты. Ауыл шаруашылығындағы активтер, міндеттемелер, капитал есебі. Шығындар мен дайын өнім есебі. Ауыл шаруашылығындағы мекемесінің есептіліктері мен қаржылық есептеменің дайындау тәртібі.

Күтілетін нәтижелер: студенттер бухгалтерлік құжаттарды әзірлеуді, ауыл шаруашылығындағы ұйымдарында өндірістік және қаржылық есептеменің дайындауды игеру қажет

Постреквизиттері: Салық есебі.

FU3303 Қаржылық есеп 2. – 3 кредит

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, қаржылық есеп-1

Оқыту мақсаты: студенттерге тәжірибеде ХҚЕС-тарын бухгалтерлік есепті жүргізу және есептіліктің ұсыну ережелерін және ХҚЕС-тарын сәйкес қаржылық есептілікті дайындауды оқыту

Қысқаша мазмұны: ХҚЕС 3 Бизнесінің бірігуі. Қаржылық инвестицияларды бағалау. Инвестиция-ларды бір категориядан екінші категорияға ауыстыру. Қаржылық есеп берудің шоғырландырылған әдістерінің құрастырылуы. Ақшаны алынған күніне шоғырландырылған балансы. Инвестициялық меншік. Шоғырландырылған баланста көрсетілгендей. Акцияға пайда. Есеп саясаты. Ақшаның уақытша құны мен бухгалтерлік есебі. Қаржылық құралдар есебі мен бағалануы.

Күтілетін нәтижелер: студенттер ХҚЕС-тарын қолдануды және осы стандарттарға сәйкес бухгалтерлік есеп объектілерінің есебін жүргізуін игеру қажет.

Постреквизиттері: Халықаралық қаржылық есептеме стандарты.

ЕА 3304 Экономикалық талдау – 3 кредит

Пререквизиттері: Қаржылық есеп 1, Қаржылық есеп-2.

Оқыту мақсаты: студенттерге экономикалық талдау тәсілдерін, өндірістік және қаржылық есептеме негізінде алынған сапалық көрсеткіштерін қалыптастыруды оқыту

Қысқаша мазмұны:

Экономикалық талдау негіздері. Экономикалық талдау пәні және объектілері. Экономикалық талдау түрлері. Экономикалық талдау әдістері мен тәсілдері. Факторлық талдау әдістемесі. Детерминациялық талдаудағы факторлардың әсері және олардың өлшену әдістері. Талдаудың экономика-математикалық әдістері. Резервтерді есепке алумен анықтар әдістемесі. Ұйымның қаржылық талдауы. Қаржылық талдаудың мәні мен міндеттері. Қаржылық талдауды ақпараттық қамтамасыз ету. Баланс құрылымын талдау. Баланстың жойылымын талдау. Қаржылық коэффициенттер талдауы. Қаржы нәтижесін талдау

Күтілетін нәтижелер: студенттер қаржылық есептемені талдаудың негізінде барлық аналитикалық процедураларды толық игеруі қажет

Постреквизиттері: Салық есебі, Құрылыстағы бухгалтерлік есеп.

PU3220 Өндірістік есеп – 3 кредит

Пререквизиттері: Басқару есебі-1, Қаржылық есеп-1.

Оқыту мақсаты: студенттерге тәжірибеде кәсіпорындарда басқару есебін ұйымдастыру негіздерін, ережелерін және бюджеттендірудің жүргізілуін үйрету мен оқыту.

Қысқаша мазмұны: Басқару есебінде дербес есеп түріндегі "бюджет" термині, батыс елдерінде смета (кірістер мен шығыстардың сметасы) ретінде – біздің ұғымға жақын басқаша мағынада қолданылады.

Бюджет дегенде, әдетте жоспарлы табысты және немесе шығынды көрсететін, белгілі бір уақыт мерзіміне дейін әзірленіп, қабылданған ақша түріндегі сандық жоспар. Бюджет – жауапты орталықтардың жоспарды қалай орындағанын бағалау негізі. Мекеме қызметін жоспарлау және бақылау. Бюджеттік бақылау. Мекеме бюджетін қалыптастыру әдісі.

Күтілетін нәтижелер: студенттерге тәжірибеде кәсіпорындарда басқару есебін ұйымдастыру негіздерін, ережелерін және бюджеттендірудің жүргізілуінің негізгі бағыттарын қалыптастыру

Постреквизиттері: Халықаралық қаржылық есептеме стандарты.

ВУУТ3220.1 Бюджеттеу – 3 кредит

Пререквизиттері: Басқару есебі – 1, Қаржылық есеп-1.

Оқыту мақсаты: студенттерге тәжірибеде кәсіпорындарда басқару есебін ұйымдастыру негіздерін, ережелерін және бюджеттендірудің жүргізілуін үйрету мен оқыту.

Қысқаша мазмұны: Басқару есебінде дербес есеп түріндегі "бюджет" термині, батыс елдерінде смета (кірістер мен шығыстардың сметасы) ретінде – біздің ұғымға жақын басқаша мағынада қолданылады.

Бюджет дегенде, әдетте жоспарлы табысты және немесе шығынды көрсететін, белгілі бір уақыт мерзіміне дейін әзірленіп, қабылданған ақша түріндегі сандық жоспар. Бюджет – жауапты орталықтардың жоспарды қалай орындағанын бағалау негізі. Мекеме қызметін жоспарлау және бақылау. Бюджеттік бақылау. Мекеме бюджетін қалыптастыру әдісі.

Күтілетін нәтижелер: студенттерге тәжірибеде кәсіпорындарда басқару есебін ұйымдастыру негіздерін, ережелерін және бюджеттендірудің жүргізілуінің негізгі бағыттарын қалыптастыру

Постреквизиттері: Халықаралық қаржылық есептеме стандарты.

АВУ3221 Бухгалтерлік есепті автоматизациялау – 3 кредит

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері.

Оқыту мақсаты: студенттер бухгалтерлік есептің автоматтандырылған бағдарламаларымен таныстыру мен оқыту.

Қысқаша мазмұны: Бухгалтерлік есепті автоматтандыруға арналған программалардың түрлері мен бағытталуы. Кәсіпорындағы бухгалтерлік есепті автоматтандыруға арналған программалар, жұмысының принциптері мен негізгі мүмкіндіктері (1С бухгалтерия). Анықтамаларды жөндеу және кірістіру, өткізбелерді, операцияларды жою және жөндеу. Құжаттармен жұмыс, қорытындыларды басқару және есеп берулерді қалыптастыру. Программалардың сервистік мүмкіндіктері. Программаның интерфейсмен танысу. Анықтамаларды жөндеу және кірістіру. Кассалық және банктік операциялар. Кез келген қаржылық-шаруашылық операциялардың есебі, ішкі шоттар, шоттар бойынша толыққанды есептер. Журнал ордерлердің құрамының, айналымдардың, бұрамаланған сальдо мен айналдырылған сальдонның автоматты қосымша шоты

Күтілетін нәтижелер: студенттер курс сонында бухгалтерлік есептің автоматтандырылған бағдарламаларының негізінде құжаттарды, құжаттар айналымын игеру қажет.

Постреквизиттері: Салық есебі.

КТВU 3221.1 Бухгалтерлік есептегі компьютерлік технологиялар – 3 кредит

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері.

Оқыту мақсаты: студенттер бухгалтерлік есептің автоматтандырылған бағдарламаларымен таныстыру мен оқыту.

Қысқаша мазмұны: Бухгалтерлік есепті автоматтандыруға арналған программалардың түрлері мен бағытталуы. Кәсіпорындағы бухгалтерлік есепті автоматтандыруға арналған программалар, жұмысының принциптері мен негізгі мүмкіндіктері (1С бухгалтерия). Анықтамаларды жөндеу және кірістіру, өткізбелерді, операцияларды жою және жөндеу. Құжаттармен жұмыс, қорытындыларды басқару және есеп берулерді қалыптастыру.

Программалардың сервистік мүмкіндіктері. Программаның интерфейсімен танысу. Анықтамаларды жөндеу және кірістіру. Кассалық және банктік операциялар.

Күтілетін нәтижелер: студенттер курс сонында бухгалтерлік есептің автоматтандырылған бағдарламаларының негізінде құжаттарды, құжаттар айналымын игеру қажет.

Постреквизиттері: Салық есебі.

KSP3223 Өнімнің өзіндік құнының калькуляциясы – 3 кредит

Пререквизиттері: Басқару есебі -1.

Оқыту мақсаты: Студенттерге өндірістік шығындарды, калькуляциялау тәсілдерін, шығындарды бақылау мен талдау және де басқару шешімдерін қабылдауды оқыту мен үйрету

Қысқаша мазмұны: Өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау.

Калькуляциялау принциптері, оның объектісі мен тәсілдері. Шығын есебі мен калькуляциялау тәсілдерінің түрлері. Калькуляциялаудың процестік тәсілі. Калькуляциялаудың бөлістік тәсілі. Калькуляциялаудың тапсырыстық тәсілі. Толық және толық емес өзіндік құнды калькуляциялау

Күтілетін нәтижелер: студенттер өнімдерді, қызметтерді калькуляциялау тәсілдері мен түрлерін, бюджеттеу, шығындарды бақылау мен талдау және де басқару шешімдерін қабылдауды толық игеруі қажет.

Постреквизиттері: Салық есебі.

SD3223.1 Сметалық жұмыс – 3 кредит

Пререквизиттері: Басқару есебі.

Оқыту мақсаты: студенттерге тәжірибеде сметалық жұмысты ұйымдастыру және оның қызметін қалыптастыруды оқыту.

Қысқаша мазмұны: Сметалау - бұл тек бір жағдайды ғана емес, барлық кәсіпорынның қызметін тұтастай қамтитын шешім қабылдау процесінің ерекше тұрпаты. Ол қысқа және ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Алдағы кезеңге құрылған жоспар төрт-бес жылдың ішіндегі, тіпті одан да ұзақ кезеңдегі келешектегі оқиғалардың дамуына қатысты әкімшіліктің ұйғарымдарын жиынтықтайды. Ұзақ мерзімді жоспарлаудың міндеті – бүгінгі таңда немесе жақын арада арнайы шараларды қабылдауды талап ететін қажеттіліктер мен сұрау салуларды қарастырады

Күтілетін нәтижелер: курс сонында студенттерге тәжірибеде сметалық жұмыс құжаттарын құрастыру.

Постреквизиттері: Салық есебі.

BUGBiT 3224 Туризм мен қонақ үй бизнесіндегі бухгалтерлік есеп – 3 кредит

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп -1.

Оқыту мақсаты: студенттерге тәжірибеде туризм және қонақ үй мекемелерінің есеп және есептіліктің ұсыну ережелерін және ХҚЕС-тарын сәйкес қаржылық есептілікті дайындауды оқыту.

Қысқаша мазмұны: Туризм және қонақ үй мекемелерінің реттеу және қадағалауды ұйымдастырудың мақсаты мен қажеттілігі. Құжаттама және құжат айналымы. Түгендеу. Есептік цикл. Бухгалтерлік есептегі қатені түзету тәсілдері. Туризм және қонақ үй мекемелерінің бухгалтерлік есептің ерекшеліктері. Қонақ үй мекемесінің есеп саясаты. Туризм және қонақ үй мекемелерінің активтер, міндеттемелер, капитал есебі.

Шығындар мен дайын өнім есебі. Туризм және қонақ үй мекемелерінің мекемесінің есептіліктері мен қаржылық есептеменің дайындау тәртібі.

Күтілетін нәтижелер: студенттер бухгалтерлік құжаттарды әзірлеуді туризм және қонақ үй мекемелерінің өндірістік және қаржылық есептемелерді дайындауды игеру қажет.

Постреквизиттері: Салық есебі.

BUMSB3224.1 Шағын және орта бизнестегі бухгалтерлік есеп – 3 кредит

Пререквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп-1.

Оқыту мақсаты – шағын және орта бизнес кәсіпорындағы стратегиялық және тактикалық жоспарлаудың, яғни бизнес-жоспарды құрудың мақсаттары мен міндеттері, кезеңдері мен әдістері, оған әсер ететін факторлар туралы білімгерлерге толық әрі дәйекті мағлұмат беру.

Пәннің міндеттері: Шағын және орта бизнес субъектілеріндегі бухгалтерлік есепті жаңа бағытта қазіргі нарық талабына сай оқып үйрену: студенттердің санасында коммерциялық қызметті ұйымдастыру туралы көзқарас қалыптастыру, алынған міндеттер бойынша материалдық және қаржылық жауапкершілікті сезіну, студенттерді тек коммерциялық қызметтің жүйесі құрылысының жалпы принциптерімен таныстырып қана қоймай, оның басқару механизмі, есеп жүйесі, талдау мен қазіргі заманда комерциялық қызметтің дамуын көрсету.

Күтілетін нәтижелер: студенттер шағын және орта бизнес субъектілерінде бухгалтерлік құжаттарды дайындауды, өңдеуді, ұсынуды, сондай-ақ ұйымдардың өндірістік және қаржылық есептемелерді дайындауды игеру қажет.

Постреквизиттері: Салық есебі.

FUAn 3305 Қаржылық және басқарушылық талдау – 3 кредит

Пререквизиттері: Экономикалық талдау.

